Локомотив құрамнан ажыратылады да, Алматы-1 станциясына құрамдарды алып келгеннен кейін депоға жіберіледі. Дәл осы кезде екі жақтың вагондары құрам жолдарда өздігінен қозғалыс жасамауы үшін, құрамды таратуға сұрыптаушы төбешікке сүйреп апаратын өзінің тартқышын күтуі үшін арнайы башмактармен тіреледі. Құрамды апаратын орын келу паркі деп аталады, ол жақта инженерлі-техникалық бақылау жұмысшылары келген құрамдарды зерттейді, олар максималды нақты түрде вагондар мен олардың жұмысқа қабілеттелігін тексереді. Бұл жұмыстармен аралап тексеруші айналысады, олар вагондардың дөңгелектерін тоқылдатып-соққылайды, бұл үшін оларға музыкалық қабілет қажет, егер сыңғырласа, бұл дөңгелек түзу және эксплуатацияға дайындығын білдіреді, ал егер бәсеңдетілген дыбыс шықса, демек дөңгелекте ақау бар екенін және ол дөңгелекті ауыстыру қажеттігін білдіреді. Бұдан кейін коммерциялық бақылау жұмыскерлері вагондардағы жүктерді тексереді, олар вагондағы жүктердің жіберілу станциясында тиелгеніндегідей бастапқы күйінде тұрғандығына көз жеткізулері тиіс. Осы барлық тексеру кезеңдерінен кейін құрамға поездар құраушысы бақылап отырған вагондарды ажыратылатын сұрыптаушы төбешіктерге құрамды тартатын маневрлі локомотив беріледі. Ол машинисттің көзі мен құлағы болып есептеледі, себебі, ол вагондардың ажыратылуын басқарады, және қашан және не істеу керек, жүрісті қосу қажеттілігі немесе керісіншелігін шешеді және командаға жіберу туралы бұйрық береді. Жаңа поездарды құруда көмектесетін сұрыптау қағазы – бұлар ең басында бағдарламамен және машинист арқылы алынған құжаттар болып табылады. Сонымен қатар поездар құраушысының ажыратқыш «шанышқысы» болады, оның көмегімен вагондарды ажыратуды жүзеге асырады. Вагондардың таратылуы туралы бұйрықтан кейін маневрлік локомотив оларды төбешікке жібереді, төбешікте поездар құраушысы сұрыптау парағының көмегімен вагондарды ажыратады және олар бірінен соң бірі белгіленген жолдарымен бағыттарына аттанады. Ал, жіберілу жолдарын вагондарды координациялайтын төбешік кезекшісі құрастырады. Төбешік кезекшісі, машинист және поездар құраушысы араларындағы диалог радио-рация арқылы жүзеге асады. Бұл сұрыптаушы төбешіктегі ажырату және құрамдарды құрастыру процестері кез келген

сұрыптау станциясының басты логистикалық процестерінің бірі болып табылады.

Сұрыптаушы төбешіктің жоғарыда аталған жұмыс процесі тозаңдатқышты еске салады, вагондар төбешіктен сырғып тозаңдатқыштың жұмысын еске салатындай әр түрлі жолдарға жүреді. Вагондар өздерінің салмақ әсерінен екі жарым метрдей биіктіктен сырғиды және қажетті кезінде оларды олардың дөңгелектерінің астына орналастырылған башмақтардың көмегімен тоқтатылады да, 5 км/сағ жылдамдықтағы вагондар бір-біріне соқтығысып, сол арқылы жаңа құрам құрастырылады. Башмақшылар немесе поездар жылдамдығын реттеушілер башмақтарды белгілі бір орындарға және қажетті көлемінде орналастырады және мұның барлығы да төбешік кезекшісінің басқаруымен іске асады. Құрамды ажырату үзіліссіз жұмыс жасайды, өйткені, өздерінің ажыратылуын күтетін басқа да құрамдар кезекте тұрады және ол кезде әрбір минут санаулы болады. Төбешік кезекшісінің сөзінше тәулігіне станция арқылы тез және ұқыпты өңделіп, жіберілуі тиісті 3000-ға жуық вагондар өтеді, тұтынушы тез және қауіпсіз жеткізілімді күтеді. Сұрыптаушы төбешіктегі бүкіл логистиканы төбешік кезекшісі басқарады. Хабарландыруларды дауыс зорайтқыш арқылы хабарлайды, барлық процесс қатысушылары қай вагон қандай салмақпен, қандай жүкпен, қай жолға түспекші екендігін естулері қажет. Төбешіктің диспетчерлік орталығында стрелкалық аударушы және төбешік кезекшісі қажетті уақытта стрелкалық аударымдарды ауыстыру үшін және төбешіктен өздігінен сырғитын вагондарға кірісті ашу үшін аударым стрелкаларын қадағалайды. Төбешік кезекшісі вагондардың жүру жолдарындағы және төбешіктегі барлық процесстерді бақылап отырады. Вагондардың жолдармен төбешіктен түсуі кезінде вагондардың жүру жолдары ең қауіпті болып саналады, өйткені, вагондар өздігінен сырғанады және башмақтардың көмегінсіз тоқтай алмайды. Бұл үшін күзетші ажырату кезінде жолдарда бөгде адамдардың болмауын қадағалауға міндетті.

Жаңа құрамды құрастырғаннан кейін оған жаңа нөмір тіркеледі, одан соң машинист ол құрамның жүкқұжаттарын қабылдап, жолға жіберіледі. Жылжымалы құрам қажетті ұзындықта және өзінің құрамында белгілі вагондар саны болуы тиіс, себебі, қозғалыс процесінде онда белгілі ұзындығы бар қосымша жолдарға ауысу қажеттілігі туындайды, соның ішінде аялдау пункті де бар.

## **2.2 Алматы-1 сұрыптау станциясы жұмысының талдауы**

Станция жұмыс сипаты бойынша жүктік болып келеді және сыныптан тыс классқа жатады.

Сондай-ақ, Алматы-1 станциясы өз қарамағында бірнеше өңдеу және жіберу паркіне ие, соның ішінде:

– тақ қабылдау-жіберу паркі (ТҚЖП). Бұл парк электрмен жабдықталған тоғыз жолдан тұрады. Алматы-1 – Бурундай жолдары бойынша маршрут – екіжолды, екі жол да біржақты сандық кодты жолдардың біреуі бойынша екіжақты қозғалысқа ауысу мүмкіндігі бар 25 Гц автобұғаттаумен жабдықталған:

а) I басты жол тақ поездар үшін дұрыс болып келеді;

б) II негізгі жол жұп поездар үшін дұрыс саналады. Өткелік поездардың бұрыс жолмен қозғалысы үшін АЛСН (автоматтандырылған локомотивті сигнал беру) құрылғыларымен жабдықталған – локомотивті бағдаршамдардың сигналы;

– жұп қабылдау-жіберу паркі (ЖҚЖП). Он төрт жолдан тұрады, оның ішінде №1Г, 2Г, 3Г, 4Г, 5Г, 6Г, 7Г, 8Г, 9Г, 11Г жолдары электрмен жабдықталған. Жұп жолдар бойынша маршрут келесідей бағыттар бойынша жүреді:

а) Алматы-1 – Медеу – бір жолды, автономды (тепловозды) тартқышпен, 25 Гц ауыспалы тоқтың рельстік шынжырларымен екі жақты кодты-электронды автобұғаттауымен (КЭА-1) жабдықталған;

б) Алматы-1 – Алматы-2 – бір жолды, 50 Гц электротартқышпен жабдықталған, үндес рельстік шынжырлы, бір жолды сигналсыз екі жақты автобұғаттаумен жабдықталған;

в) Өткеліктегі поездардың қозғалысы автоматты локомотивті сигнал беру (ОАБ АЛСБ) көрсеткіштерімен жүзеге асырылады;

г) Сұрыптаушы парк – 17 жолдан ( 10 – 26 аралығындағы) тұрады – құрамдарды тарату мен құрастыру үшін арналған.

Тағы, станция механизацияланбаған аз қуатты сұрыптаушы төбешікпен жабдықталған. Құрамдардың төбешікке қозғалысы 61 шартты вагондарды кіргізетін №17а тартқыш жолы арқылы іске асады.

Вагондар ағынын қайта өңдеудің негізгі көлемі сұрыптаушы құрылғы – төбешік көмегімен орындалады.

Маневрлік жұмыстардың толық көлемде орындалуын қамтамасыз ету үшін станцияда ТЭ33А, СКД 9Е, 2ТЭ10В, 2ТЭ10У, ВЛ-80С, КЗ4А сериялы 8 маневрлік локомотивтер жұмыс жасайды.

2018 жылғы деректер бойынша Алматы-1 станциясының вагон айналымы орта тәуліктік 3906 вагондар орындау жоспары бойынша қыркүйек айында 3891 вагонды немесе аналогты 2017 жылғы 106,2 пайызды құраған орындалуымен салыстырғанда 99,62 пайызды құрады. Эксплуатациондық жұмыстың техникалық нормаларын орындамау Алматы-1 станциясына тәуелсіз себептерге байланысты болды. Сонымен, техникалық жоспармен салыстырғанда вагондар айналымының тәулігіне орташа 0,38 пайыз вагондар ағымына төмендеу байқалды.

Сонан соң, сол алынған деректер бойынша қайта өңдеусіз транзиттік вагондар орта тәуліктік 960 вагондар орындау жоспары бойынша қыркүйек айында 903 вагонды құрады немесе 2017 жылғы 104,3 пайызды құраған орындаумен салыстырғанда 94,11 пайызды құрады. Эксплуатациондық

жұмыстың техникалық нормаларын орындамау Алматы-1 станциясына тәуелсіз себептерге байланысты болады. Техникалық жоспармен салыстырғанда вагондар айналымының тәулігіне орташа 5,89 пайыз вагондар ағымына төмендеу байқалды.

Станцияның қыркүйек айы деректері бойынша 4530 вагон/126840 тонна жоспарланды, ал факт бойынша 3127 вагон/104411 тонна, орындалу вагондарда 69,0 пайыз, ал тоннада 82,3 пайызды құрады.

2018 жылдың қыркүйек айына келесідей кәсіпорындар тиеу жоспарын орындамады:

– жүктің жоқтығы себебінен:

а) «КБСК» АҚ – металлдық бұйым жүктері 94,44 пайызға ( 19 вагон жоспарында факт бойынша 17 вагон 510 тоннаны құрады );

б) «Алина ПРО» ЖШС – құрылыс жабдықтары жүктері 55,56 пайызға ( 36 вагон жоспарында факт бойынша 20 вагон 1290 тоннаны құрады );

в) «Казэкопродукт» ЖШС – тағам тауарлары жүктері 56,25 пайызға ( 16 вагон жоспарында факт бойынша 9 вагон 542 тоннаны құрады );

г) «MS» ЖШС – тағам тауарлары жүктері 23,09 пайызға ( 26 вагондар жоспарында факт бойынша 6 вагон 336 тоннаны құрады );

д) «Вита Индастри» ЖШС – жом жүктері 30,23 пайызға ( 43 вагон жоспарында 13 вагон 790 тоннаны құрады );

е) «Алматы Транс Сервис» ЖШС – құрамалы жүктер 77,79 пайызға ( 19 вагон жоспарында факт бойынша 14 вагон 463 тоннаны құрады );

ж) «АгропродуктАзия» ЖШС – құрамалы жүк 93,33 пайызға ( 30 вагон жоспарында 29 вагон 963 тоннаны құрады );

з) «МО-1» ЖШС – құрылыс жүктері 70,00 пайызға ( 30 вагон жоспарында факт бойынша 21 вагон 1015 тоннаны құрады );

и) «Атасу Транс» ЖШС – құрамалы жүктер 70,00 пайызға ( 30 вагон жоспарында факт бойынша 21 вагон 1015 тоннаны құрады );

– он күндік тапсырыстың жоқтығы себебінен:

а) «Бекарыс» ЖШС – металлдық бұйымдар жүктері 0,00 пайызға ( 11 вагон жоспарында тиеу жұмыстары жасалмады );

б) «ИнтерметГруп КНР» ЖШС – метбұйымдар жүктері 0,00 пайызға ( 5 вагон жоспарында тиеу жұмыстары жасалмады );

в) «ИнтерметГруп ПАВ» ЖШС – метбұйымдар жүктері 0,00 пайызға ( 10 вагон жоспарында тиеу жұмыстары жасалмады );

г) «ИнтерметГруп А-1» ЖШС – метбұйымдар жүктері 0,00 пайызға ( 5 вагон жоспарында тиеу жұмыстары жасалмады );

д) «МЕТ Стайл» ЖШС – сынық жүктері 0,00 пайызға ( 5 вагон жоспарында тиеу жұмыстары жасалмады ).

Өткен жылдың аналогты периодына вагондарда тиеуді орындау 78,8 пайыз, тоннада 97,0 пайызды құрады.

Жергілікті вагондардың бір жүктік операция бойынша тұрып қалуы 42,63 сағат жоспарында факт бойынша 55,04 сағатты құрады, яғни, 129,1 пайызға

орындалды. 2018 жылдың қыркүйек айына Алматы-1 станциясында баяу түсіру кезінде тұрып қалды:

– кедендік операциялар кезінде 10480,38 вагон-сағатты құраған 29 вагондар тұрысы:

- а) «Стенерджи» 6 вагон, 1911,2 вагон-сағаттар;
- б) «Камкор» 4 вагон, 1982,3 вагон-сағаттар;
- в) «Терминал» УСК 6 вагон, 2203,45 вагон-сағаттар;
- г) «Алина» ПРО 12 вагондар, 3562,13 вагон-сағаттар;
- д) «Транс Сервис» 1 вагон, 821,3 вагон-сағаттар;

– 14825,6 вагон-сағаттарды құраған 34 вагондар тұрысы:

- а) «Астана Контракт» 18 вагондар, 5023,1 вагон-сағаттар;
- б) ПД «Логистик» 8 вагон, 3621,10 вагон-сағаттар;
- в) «Грин Хаус» 2 вагон, 2195, 2 вагон-сағаттар;
- г) «Жолдастар» УСК 6 вагондар, 3986,2 вагон-сағаттар;
- д) Аэропорт 11 вагондар, 5112,15 вагон-сағаттар.

Алдыңғы жылдың аналогті периодына орындау 91,7 пайызды құрады.

Қайта өңдеуі бар транзиттік вагондардың сол жылдың қыркүйек айына тұрысы 16,25 сағат жоспарында 14,21 сағатты құрады, 87,5 пайызға орындалды. 2017 жылдың аналогті периодына 97,7 пайызды құрады ( техникалық жоспармен салыстырғанда 2,3 пайызға төмендетілді). 2018 жылдың қыркүйек айына қайта өңдеуден 2017 жылдың аналогті периодымен салыстырғанда «ДВБ-25» кінәсінен 8,12 вагон-сағаттардан аса 2 поездға тұрып қалса, «ТБЭ-28» 54,21 вагон-сағаттардан аса 9 поездға, ДНЦО 30,1 вагон-сағаттардан аса 5 поездарға тұрып қалды. Қайта өңдеуден вагондар ағыны 15,7 пайызға көтерілді.

2018 жылдың қыркүйегіне қайта өңдеусіз транзиттік вагондардың тұрысы 2,17 сағат жоспарында факт бойынша 90,3 пайызға 1,96 сағатты құрады, 2017 жылдың аналогті периодына 93,4 пайызға орындалды ( техникалық жоспармен салыстырғанда 6,6 пайызға төмендеді). 2018 жылдың қыркүйек айына қайта өңдеуден 2017 жылдың аналогті периодымен салыстырғанда «ДВБ-25» кінәсінен 3,14 вагон-сағаттардан аса 1 поездға тұрып қалса, «ТБЭ-28» 56,1 вагон-сағаттардан аса 10 поездға, ДНЦО 45,21 вагон-сағаттардан аса 8 поездарға тұрып қалды. Қайта өңдеуден вагондар ағыны 4,3 пайызға көтерілді.

2018 жылдың қыркүйек айының деректеріне (1 – кесте) сәйкес Алматы-1 станциясы құрастырылған жоспардың жарты бөлігін орындай алмады, ол жоспар дәл осы жылдағыдай жарты бөлігі орындалмай қалған жоспар нәтижесінің деректеріне сүйене отырып құралған болатын.

Алда 2018 жылдың тоғыз айының статистикасы беріледі, ол жерде қыркүйек айының статистикасынан айырмашылығында станция мүмкіндіктерінің қайта бағалауының ортақ мәселесін немесе көрсеткіштердің жарты бөлігіне жете алмау себебін түсінуге болады.



1-Кесте – Алматы-1 станциясы жұмысының 2018 жылдың қыркүйек айына негізгі көрсеткіштерінің орындалуы

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2017 жыл	2018 жылдың қыркүйек айына		2017/18 жыл %-да	
			факт	жоспар	факт	2017	2018
1	Тиеу	вагон	138,03	151,00	104,23	75,5	69,0
2	Тиеу	тонна	3588,80	4228,00	3480,37	97,0	82,3
3	Вагондарға статикалық жүктеме	тонна	26,00	28,00	33,39	128,4	119,3
4	Жұмыс паркі	вагон	1147	1200	1196	95,9	99,7
5	Поездарды қабылдау	поезд	37	45	39	105,2	82,45
6	Поездарды тапсыру	поезд	36	45	38	105,6	82,9
7	1-ші жүктік операция бойынша тұрыс	сағат	50,46	42,63	55,04	91,7	129,1
8	Жергілікті тұрыс	сағат	50,28	54,51	49,11	102,4	90,1
9	Қайта өңдеуі бар транзиттік вагондар	сағат	13,89	16,25	14,21	97,7	0,88
10	Қайта өңдеусіз транзиттік вагондар	сағат	1,83	2,17	1,96	93,4	90,3
11	Вагон айналымы	вагон	3663	3906	3891	106,2	99,62
Дереккөз. «Қазақстан Темір Жолы» ҰК АҚ.							

Жергілікті вагондардың бір жүктік операциялар бойынша тұрысы 49,91 сағат жоспарында, факт бойынша 42,63 сағатты құрады, яғни, 85,4 пайызы орындалды. 2018 жылдың тоғыз айында Алматы-1 станциясы:

– тұрыс уақыты 37303,78 вагон-сағатты құраған 176 вагон баяу түсірім бойынша тұрып қалды:

- а) «Вита» АҚ 26 вагон, 5110 вагон-сағаттар;
- б) «ФМК» ЖШС 6 вагон, 903,1 вагон-сағаттар;
- в) «Казферосталь» АҚ 30 вагон, 6963,5 вагон-сағаттар;
- г) ЖШС «Астана-Контракт» 12 вагон, 2017,96 вагон-сағаттар;
- д) ЖШС «Мега Трейд» 30 вагон, 2699,10 вагон-сағаттар;
- е) ЖШС «Казвторресурсы» 6 вагон, 726,3 вагон-сағаттар;
- ж) «Алина Про» 3 вагон, 926,31 вагон-сағаттар;
- з) «Усенов» ЖК 9 вагон, 1922,1 вагон-сағаттар;
- и) «Лимитэт» 7 вагон, 903,2 вагон-сағаттар;
- к) «Босфор» 13 вагон, 9563,01 вагон-сағаттар;
- л) «Усенов» ЖК 19 вагон, 3462,9 вагон-сағаттар;
- м) «Алина Про» 15 вагон, 2110,3 вагон-сағаттар;

– тұрыс уақыты 79188,79 вагон-сағаттарды құраған 243 вагон кедендік операциялар кезінде тұрып қалды:

- а) «Диас» ЖШС 21 вагон, 2061,3 вагон-сағаттар;
- б) «Таркет» ЖШС 26 вагон, 3062,12 вагон-сағаттар;
- в) «Вестрон» ЖШС 31 вагон, 3992,1 вагон-сағаттар;
- г) «Усенов» ЖК 5 вагон, 9902,3 вагон-сағаттар;
- д) «ППЖТ-1» ЖШС 27 вагон, 9652,37 вагон-сағаттар;
- е) «Ремстройтехника» АҚ 29 вагон, 7023,2 вагон-сағаттар;
- ж) «Акимжанов» ЖК 2 вагон, 626,5 вагон-сағаттар;
- з) ГТС 27 вагон, 13599,23 вагон-сағаттар;
- и) УСҚ «Жолдастар» 40 вагон, 19236,21 вагон-сағаттар;
- к) «Астана-Конракт» 26 вагон, 9012,36 вагон-сағаттар;
- л) КТС 9 вагон, 1021,1 вагон-сағаттар;

– тұрыс уақыты 34619,11 вагон-сағаттарды құраған 240 цистерна ЖЖМ ағызбасы жоқтығы себебінен:

а) «Алматы Халықаралық Әуежайы» - 79 цистерна, 7019,45 вагон-сағаттар;

б) «Синойл» ЖШС 161 цистерна, 27599,66 вагон-сағаттар;

– маневрлік тепловоздың ақаулығынан:

а) «Стенерджи» ЖШС 63 вагон, 7039,61 вагон-сағаттар.

Өткен жылдың аналогті периодына орындалу 93,2 пайызды құрады.

2018 жылдың тоғыз айындағы жүктерді тиеу 41100 вагон 1035720 тонна жоспарында, 31660 вагон 970688 тоннаны құрады, орындалу вагондарда 76,93 пайыз, тоннада 93,73 пайызға жүзеге асты. 2018 жылдың тоғыз айында келесі кәсіпорындар жоспарларын орындамады:

– жүктің жоқтығы себебінен:

а) «ОРПТ» АҚ метал бұйымдары жүктері 59,09 пайызға ( 99 вагон жоспарында, факт бойынша 52 вагон 1251 тоннаны құрады );

б) «Алина ПРО» ЖШС құрылыс жабдықтары жүктері 95,99 пайызға (73 вагондар жоспарында, факт бойынша 70 вагон 2659 тоннаны құрады);

в) «КазЭкоПродукт» ЖШС азық-түлік тағамдары жүктері 44,4 пайызға (45 вагон жоспарында, факт бойынша 20 вагон 1029 тоннаны құрады);

г) «MS» ЖШС азық-түлік тағамдары жүктері 62,06 пайызға (29 вагондар жоспарында, факт бойынша 19 вагон 336 тоннаны құрады);

д) «Вита Индастри» ЖШС жом жүктері 53,94 пайызға (26 вагон жоспарында, факт бойынша 14 вагон 790 тоннаны құрады);

е) «Агропродукт Азия» ЖШС құрамалы жүктері 56,9 пайызға (51 вагондар жоспарында, факт бойынша 29 вагон 1654 тоннаны құрады);

ж) «МО-1» ЖШС құрылыс жабдықтары жүктері 90,12 пайызға (34 вагон жоспарында, факт бойынша 30 вагон 1015 тоннаны құрады);

з) «AG Комп» ЖШС құрылыс жабдықтары жүктері 47,39 пайызға (76 вагондар жоспарында, факт бойынша 36 вагон 992 тоннаны құрады);

и) «ТЭК Бекарыс» ЖШС құрылыс жабдықтары жүктері 19,42 пайызға (39 вагондар жоспарында, факт бойынша 7 вагон 349 тоннаны құрады);

к) «Трансинтер» ЖШС құрылыс жабдықтары жүктері 59,3 пайызға (129 вагондар жоспарында, факт бойынша 76 вагон 1692 тоннаны құрады);

– он күн ішіндегі тапсырыстардың жоқтығы себебінен:

а) «ИнтерметГруп КНР» ЖШС металл бұйымдары жүктері 0,00 пайызға (10 вагондар жоспарында ешқандай тиеу жүргізілмеді);

б) «ИнтерметГруп А-1» ЖШС металл бұйымдары жүктері 15,00 пайызға (20 вагондар жоспарында, факт бойынша 3 вагон 165 тоннаны құрады);

в) «Бикк Сапа Транс Сер» ЖШС химикат жүктері 0,00 пайызға (20 вагондар жоспарында тиеу жұмыстары жүргізілмеді);

г) «Кастинг» ЖШС химикат жүктері 0,00 пайызға (2 вагон жоспарында тиеу жұмыстары жүргізілмеді);

д) «Арғымак КНР» ЖШС сынық жүктері 0,00 пайызға (79 вагондар жоспарында ешқандай тиеу жұмыстары жүргізілмеді);

е) «МЕТ Стайл» ЖШС сынық жүктері 0,00 пайызға (5 вагондар жоспарында тиеу жұмыстары жүзеге аспады).

Аналогті периодқа тиеудің орындалуы вагондарда 90,8 пайыз, тоннада 104,9 пайызды құрады.

Жергілікті вагондардың вагондар ағыны дәл сол жылдың тоғыз айына, 381 вагондар жоспарында, факт бойынша 382 вагонды құрады, яғни, жоспар 99,3 пайызға орындалды. Техникалық жоспармен салыстырғанда 0,7 пайызға төмендеді.

2018 жылдың тоғыз айының кезіндегі транзиттік қайта өңдеусіз вагондардың тұрысы 2,17 сағат жоспарында, нәтижесінде жоспардың 87,6 пайызының орындалуына жеткізген факт бойынша 1,90 сағатты құрады. Орындалу 100,2 пайызды құрады, техникалық жоспармен салыстырғанда 0,2 пайызға жоғарылау болды.

Сол жылдың тоғыз айына өңдеусіз, 2017 жылдың аналогті периодына салыстырғанда, ДВБ-25 кінәсінен 3 поездға, 13,25 вагон-сағаттарға артық, ТБЭ-28 кінәсінен 30 поездға, 252,16 вагон-сағаттарға артық, ДНЦО кінәсінен 35 поезд, 287,21 вагон-сағаттарға артық тұрып қалды. Қайта өңдеусіз вагондар ағыны 11,6 пайызға жоғырылады.

Қайта өңдеуі бар транзиттік вагондардың тұрысы 2018 жылдың тоғыз айына 16,25 сағат жоспарында 13,19 сағатты құрады, 81,2 пайызға орындалды, 2017 жылдың аналогті периодына орындалу 91,3 пайызды құрады, техникалық жоспармен салыстырғанда 8,7 пайызға төмендеді.

Сол жылдың тоғыз айына өңдеумен, өткен жылдың аналогті периодына салыстырғанда, ДВБ-25 кінәсінен 5 поездға, 15,31 вагон-сағаттарға артық, ТБЭ-28 кінәсінен 21 поездға, 197,21 вагон-сағаттарға артық, ДНЦО кінәсінен 29 поезд, 251,12 вагон-сағаттарға артық тұрып қалды. Қайта өңдеулі вагондар ағыны 3,9 пайызға жоғырылады.

2018 жылдың тоғыз айы кезіндегі деректерге (2 – кесте) сәйкес жергілікті вагондардың тұрысы 54,0 сағат жоспарында 49,40 сағатты құрады, 83,7 пайызға орындалды, 2017 жылдың аналогті периодына орындалу 96,5 пайызды құрап, техникалық жоспармен салыстырғанда 3,5 пайызға төмендеу байқалды.

2018 жылдың тоғыз айына, өткен жылдың аналогті периодына салыстырғанда, Алматы-1 станциясында баяу түсірілім кезінде 826 вагон, кедендік операциялар кезінде 325 вагондар, түсірілім аумақтарының бос еместігінен 211 вагондар тұрып қалды.

2-Кесте – 2018 жылдың тоғыз айына Алматы-1 станциясының жұмыстарының басты көрсеткіштерінің орындалуы

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2017 ж. факт.	2018 ж. тоғыз айына		2017/18 %-да	
				жоспар	факт	2017	2018
1	Тиеу	вагон	127,21	150	115,55	90,8	77,03
2	Тиеу	тонна	3376,40	3780	3542,66	104,9	93,73
3	Вагондарға статикалық салмақ	тонна	26,540	25,163	30,658	115,5	121,84
4	Жұмыс паркі	вагон	990	1131	1079	109,0	99,48
5	Поездарды қабылдау	поезд	35	39	37	104,3	80
6	Поездарды тапсыру	поезд	35	38	36	102,8	80
7	1-ші жүктік операциялар кезіндегі тұрыс	сағат	46,51	42,63	49,91	93,2	107,28
8	Өңдеулі транзиттік вагондар	сағат	12,04	16,25	13,19	91,3	60,94
9	Өңдеусіз транзиттік вагондар	сағат	1,88	2,17	1,90	99,0	73
10	Жергілікті тұрыс	сағат	47,67	54,51	49,40	96,5	78,53
11	Вагон айналымы	вагон	3388	3441	3599	106,2	104,6

Дереккөз. «Қазақстан Темір Жолы» ҰК АҚ.

Жоғарыда берілген статистикаға сәйкес Алматы-1 станциясының 2018 жылғы тоғыз айының жұмысы деректеріні сәтті жұмыс болып ерекшеленбейді, станция жоспарына сай барлық тапсырмалардың 80 пайызға жуығы орындалмаған болды. Дегенмен, көптеген жоспарлық тапсырмалар, сол жылдың қыркүйегінің жоспарлық мақсаттарына сәйкес, белгіленген жоспардың толық орындалуы үшін бірнеше рет азайтылған болатын. Бірақ, 100 пайыз қажетті операциялардың ішінен 20 пайызға жуығы орындалды, атап айтқанда қайта орындалды, ал қалған 80 пайызы тіптен жүзеге асырылмаған болатын.

Алматы-1 станциясының статикалық деректеріне сүйене отырып, станция басшылығы талап етілген нәтижелерді орындау күшінде емес деген қорытындыға келуге болады. Бұл мәселе станция ішінде логистиканың нашар ұйымдастырылуымен байланысты деген ой келеді, сондай-ақ, станция жаңартылған болып табылмайтын, керісінше баяғы заманғы жетістіктерді қолданатыны, заманауи сұрыптау станцияларының талаптарына сай келмеу факторлары әсері де себеп болып табылады. Одан бөлек, станцияда адами фактор саналатын жұмысшылар қызмет етеді, ал олар станцияда құрамды,

тауарды немесе вагонды тексеру кезінде қандай да бір қателік жіберіп алуы мүмкін. Бұл қателік поездардың тұрып қалуына, тауар түрлерінің жоғалуына, құрамдардың тоқтап қалуы және тағы да басқа проблемаларға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Сондай-ақ, деректер бізге поездардың тұрып қалуы, олардың жинақталуы мен жіберілу уақытына әсеріне куәлік етеді. Бұл барлық факторлар жоғарыда берілген станция статистикасына себептеседі, сонымен қатар олар станция басқа да көптеген сол деңгейлі станциялар секілді автоматтандырылмағандығының факторы болады. Сондықтан, көп құрамды поездар құрамы станцияға келерде сұрыптау жолдарының жетіспеушілігінен тоқтап қалады, өз кезегінде бұл мәселе станцияның логистикасымен байланысты. Әсіресе, бұндай тұрып қалулар станциядағы және оның әсер етуші аймақтарындағы барлық элементтердің сауатты байланысуының жоқтығынан шығады.

Станция жұмысындағы кейбір барьерлер тікелей поездарды көтеріңкі массамен және қажетті жолдық дамудың жоқтығындағы құрамдардың ұзындығымен құрастыруға, жұмыс технологиясының заманауи талаптарына сәйкес келмеу және бөлек операциялардың орындалу ұзақтығына тәуелді болып келеді.

### **2.3 Алматы-1 сұрыптаушы төбешігі жұмысының принциптері және жұмысшылардың міндеттері**

Алматы-1 станциясы сұрыптау жұмысының үлкен көлемін атқарады. Вагондарды сұрыптаушы төбешіктен үзіліссіз төменге түсірілуін қамтамасыз ету және маневрлік жұмыс кезінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету төбешік кезекшісінің, төбешікті орталықтандыру посты операторының, МАЭО №5 орталықтандырылу посты операторының, вагондар қозғалысы жылдамдығын реттеушінің, поездарды құраушы мен маневрлік локомотивтер машинисттерінің жұмыстағы үйлесімді ұйымдасуларына байланысты болып келеді.

Сұрыптаушы құрылғыларға мыналар жатады: төмен қуатты төбешік, стрелкалық мойын, сұрыптаушы парк, тартқыш жол.

Төмен қуатты төбешік өтпелі, құрамдық, ауыстыратын поездарды жинақтау мен ажырату үшін және подъездік жолдар бойынша тиеп-түсіру үшін вагондарды таңдау үшін арналған. Стрелкалық мойын еңістікте орналасқан. Еңістік вагондарды төбешіктерден түсіру үшін және вагондарды сұрыптау паркінің тиісті жолдарына бағыттауға қолданылады. Сұрыптау паркі құрамдарды және бөлек вагондар топтарын құрастыру мен жинақтау үшін қызмет етеді. №17а тартқыш жолы құрамдар мен бөлек вагондар топтарын итеру мен тарту үшін арналған, ол төмендегілерге ие:

- 886 м пайдалы ұзындығы, сыйымдылығы 48 шартты вагондар;

– №190 тығырық районуна, сұрыптаушы және тақ жіберілу-қабылдау паркінің барлық жолдарына шығуға.

Төмен қуатты төбешіктің келесідей параметрлері бар:

- төбешік биіктігі – 205 см;
- төбешіктің қайта өңдеу қабілеттілігі – 1922 ваг/тәулігіне;
- сұрыптау жолдарының саны – 17;
- құрамның қозғалыс жылдамдығы –5 км/сағаттан 7 км/сағатқа дейін;
- итеру жолдары – 1;
- түсіру жолдары – 1.

Вагондарды төбешіктен түсіру үшін төмендегідей техникалық құралдар мен құрылғылар қолданылады:

- стрелкалық электр жетектері – стрелкалардың тілдерін аудару үшін және вагондардың жүру маршруттарын құру;
- төбешіктік пульт – төбешік құрылғысын басқару, оның жұмысы мен түсу ағымын бақылау үшін;
- электрлік орталықтандыру – стрелкалар мен сигналдарды дистанционды түрде басқару үшін;
- төбешіктік бағдаршамды дабылдату;
- байланыс құрылғысы;
- СТ БАЖ.

Төбешіктік бағдаршамды дабылдату сұрыптаушы төбешіктегі маневрлік жұмысты басқару үшін қызмет етеді. Төбешікті бағдаршамдармен мынадай дабылдар беріледі:

- бір жасыл жалын– «Жылдамдығы 7 км/сағаттан аспайтын түсірілім рұқсат етіледі»;
- бір сары жалын – «Жылдамдығы 5 км/сағаттан аспайтын түсірілім рұқсат етіледі»;
- қызыл жалынмен қатар жанатын ақ түсті жарықтық көрсеткіштердегі «Н» әрпі – «№17а тартқыш жолына вагондарды орналастыру»;
- бір айдың ағындай жалын – «Маневрлерді өндіруге рұқсат етіледі»;
- бір қызыл жалын – «Тоқта!».

Алматы-1 станциясының сұрыптау жүйесі жұмысының технологиясы негізіне құрамдарды құрастыру мен таратудың диспетчерлік басқару әдісі жатады, ал сондай-ақ, техникалық құралдарды жақсырақ қолдану және вагондардың станцияда азырақ уақытта тұруын қамтамасыз ететін жергілікті жұмыс ұйымы. Станциялық диспетчер сұрыптаушы жолдарда жиналып отыратын вагондардың орналасуы мен үзіліссіз нөмірлік тіркеу туралы үздіксіз толтырылып отырылатын деректерін қолдана отырып, сондай-ақ, келетін мен жіберілуге дайын құрамдары бар келген вагондарды қолданып, поездардың қалыптасуы жоспарын құрайды.

Келген құрамды таратуға дайындық келесідей көріністе іске асырылады, жіберілу-қабылдау паркіне түскен және қайта өңделуді қажет ететін поездар

құрамы таратылуға дайындалады. Дайындық төмендегідей операцияларды құрайды:

- құрамды тежегіштік башмақтармен бекіту;
- поездық локомотивті құрамдардан ажырату;
- құрамдағы вагондарды табиғи түрде есептен шығару;
- тасымалдау құжаттарының барын тексеру;
- вагондарды тексеру мен оларды техникалық қызмет пунктіндегі (ДВБ-25 ТҚП) жұмысшылар көмегімен техникалық тексеруден өткізу, оның барысында вагондардағы ақаулар анықталады; вагондардың тармақтары ажыратылады және тежегіштік магистральдан қысылған ауа шығарылады;
- коммерциялық қатынаста вагондарды тексеру КТП-ның поездар қабылдаушыларымен, «ӘТЖК» (әскери теміржол күзеті) АҚ жұмысшыларымен жүзеге асырылады;
- сұрыптау паркіндегі ағытпалардың бағытталу жолдары көрсетілетін толық парақ негізінде төбешік кезекшісінің сұрыптау парағын дайындау;
- төбешікті орталықтандыру постының операторына сұрыптау парағын жіберу.

Сонымен қатар, бұл барлық процестің маңызды бөлігі болып ДВБ-25 ТҚП жұмысшылары табылады, вагондарды тексеру, техникалық қызмет кезінде және дөңгелектер жиегінде бояулар, битум немесе майлылығын байқаған жағдайда ТҚП вагондық операторына хабарлауы тиіс, ал ТҚП операторы ол туралы станциялық диспетчерді, төбешік кезекшісін, станция кезекшісіне хабарлайды. ТҚО қызметкерлері дөңгелектердің жиегінде бояулардың, битумдардың немесе майлылықтың болмауы үшін қажетті шараларды қолға алуға міндетті. Егер оларды айқындау мүмкін болмаса, онда мұндай вагондар ВУ – 23 формасының хабарламасын жіберумен № 427, 428 ААЖ жолдарына жіберілуі тиіс. Мұндай вагондарды станциялық жолдар мен төбешіктер арқылы өткізу бөлек маневрлік локомотивпен жүзеге асырылуы қажет.

Поездар құрамына одан ары ілесе алмайтын вагондар туралы техникалық тексеріс пунктінің қызметкерлері станциялық технологиялық орталыққа және төбешік кезекшісіне хабарлайды, ағытпалық жөндеу жолында бұл вагонның қажетті бағытталуын ескере отырып сұрыптау парағы құралады. Сондай-ақ, өзінің техникалық жағдайына қарай төбешіктен түсірілуге болмайтын вагондар анықталады. Бұл вагондарға ВУ–23 формасы хабарламасы құрастырылады.

Сұрыптау паркін құрамдарды түсіру мен үзіліссіз түсірілім процесін қамтамасыз ету үшін төбешік жағынан сұрыптау жолдарының бос аймақтарының ұзындығы түсірілетін кезектегі құрамдардағы вагондардың санына сәйкес келуі қажет. Бұл үшін сұрыптау парағы бойынша сұрыптау паркінің әр түрлі жолдарына ілесуге тиісті вагондар мен ағытпалардың санын анықтайды, ал содан соң бос жолдардың дәрежесін, бұл жолдарға кірістердің барын және вагондардың жолдардағы факт бойынша орналасуын тексереді.

Сұрыптаушы төбешіктің ұйымдық жұмыстарына қатысты келсек, онда сөзсіз сұрыптаушы төбешікпен жоғарыда аталғандай қызмет міндеттері бар бірнеше арнайы мамандар жұмыс жасайды.

Станциялық диспетчердің міндеттері. Ол ауысымның басшысы болып келеді. Кезекшілікте және оған кірісер кезде ол міндетті:

- бар көрсеткіш пен тапсырмаларды пайдалана отырып, ауысымдағы және алдағы 3 сағаттың жұмыс жоспарымен танысуға, ауысым жоспар-кестесіне және кезекшіге тапсырылатын станциялық диспетчер баяндамасы бойынша станцияның жағдайымен танысуға, станция жолдарындағы жылжымалы құрамдардың барымен және орналасуымен танысуға, жергілікті вагондардың саны, тағайындамасы және оның тазалану уақытымен танысуға;

- станция кезекшісі, төбешік кезекшісі, парк кезекшісі, МЭО операторы арқылы ОжБЖ мен байланыс құрылғыларын басқару құралдарының дұрыстығына, оларда тізімдеуге сәйкес келетін бітеменің барына көз жеткізуге. СТО (станциялық технологиялық орталық) операторлары арқылы компьютерлер мен басқа да кеңсе техникаларының дұрыстығын тексеруге;

- қызметкерлер арқылы олар қызмет көрсететін жұмыс орындарын тексеру, әсіресе Алматы-1 станциясының ТӘА (техникалық және әкімшілік акт) сәйкес жылжымалы құрамдардың бекітулерінің дұрыстығы мен сенімділігін тексеруге;

- жетіспеушіліктер болған жағдайда қозғалыс қауіпсіздігі мен қалыпты жұмысты қамтамасыз ететін қажетті шараларды қабылдау керек, ал қажет болған жағдайда бұл туралы Алматы-1 станциясының басшылығына хабарлауға;

- станция жұмысын қамтамасыз ететін поездарды жіберу мен қабылдау, жүктік жұмыс, басқа қызмет жұмысшылары әрекеттерінің координациясы бойынша ауысымдық жоспарды орындау;

- станцияда техникалық құралдарды эффективті түрде қолдану;

- кезекшілікті тапсырар алдында станциялық диспетчер ауысымын қабылдаушысын станция жағдайы туралы хабардар етеді;

- кезекшілік біткеннен кейін, станциялық диспетчер станция басшылығына орындалған ауысымның нәтижесі, тапсырмалар және кезекшілік кезіндегі қабылданған шаралар мен анықталған түсініктемелер туралы баяндап, талдап беруге.

Кезекшілікке дейінгі және кезіндегі төбешікті орталықтандыру посты операторының міндеттері:

- маневрлік жұмысқа қатысты көрсетілімдер (ережелер) мен жарлықтармен атқарылатын алдағы жұмыстардың жоспарымен, сұрыптау паркі жолдарындағы қозғалмалы құрамның барымен және олардың орналасуымен танысу;

- басқару құралдарының, СОБ және байланыс құралдарының дұрыстығына және кабельдер мен олардағы пломбалар мен тізімдеге сәйкес ілулі құлыптардың барына, сондай-ақ стрелкалық аударымдардың дұрыстығына көз жеткізу;

- кезекшіліктің соңына қарай келесі ауысымның қалыпты жұмысына қажетті жағдайларды қалыптастыру, соның ішінде сұрыптау паркінің жолдарын кезекті құрамдарды түсіруге дайындау, құрамдарды



оперативті жоспарға және қозғалыс графигіне сәйкес келесі ауысымның жұмыс басына ұсынуға дайындау.

Сигналшының міндеттері. Ол МАЭО №5 орталықтандыру постының операторының бақылауы мен басқаруында жұмыс атқарады. Кезекшілікті қабылдау кезінде сигналшы міндетті:

- сұрыптау паркінің оңтүстік жағындағы жолдарда тұрған құрамдар мен вагондардың шекаралық бағанадан шығып тұрмағанын, өзара байланысқанын, вагондардың кетуінде тежегіштік башмақтар бар не жоқ екеніне көз жеткізу;

- «Құрамдарды бекіту тәртібі жөніндегі келіссөздерді жүргізудің регламентін» сақтаумен маневрлік жұмыстарды, төсеулер мен тежегіштік башмақтарды алып тастауды өндірумен байланысты операцияларды уақытылы және дәл орындайды;

- сұрыптау паркінің жолдарының мамандануын, құрылғыларды және тежегіштік башмақтардың дұрыстығын, сондай-ақ, алдағы эксплуатация тыйым салынған стрелкалық аударымдарды білуі қажет;

- кезекшілікті қабылдау, МАЭО №5 орталықтандыру посты операторына қаралымда анықталған ақаулар туралы хабарлау.

Поездарды құраушының міндеттері. Ол маневрлік радиобайланыспен маневрлік локомотивтің қозғалысын басқарады, қажет болған жағдайда парктік дауыс зорайтқыш хабарлау байланысын немесе қол және дыбыстық сигналдарды беруді қолданады.

Таратуды жүзеге асырады – жұмыста интервалдарды қысқарта отырып, вагондар мен құрамдарды құрастырады. Поезд құраушыларының функциялары мен міндеттері:

- төбешікте жұмыс жасай отырып, арнайы белгілермен көрсетілген аймақтар шегінде сұрыптаушы төбешіктен құрамдар мен вагондарды түсіру кезінде арнайы шанышқыларды қолдана отырып вагондарды ажыратуды іске асырады. Алдағы түсірілімнің, ағытпалардың орналасу кезегімен, ар ағытпадағы вагондардың санымен, вагондардың жүріс сапаласымен және басқа қажетті ақпаратпен танысу;

- құрамдар мен поездарға құрамдарды тіркеу мен қауіпсіз ағытпаларды қамтамасыз етеді. Адамдармен, кіші көлемді және қауіпті жүктермен толтырылған вагондармен аса сақтықпен маневрлерді жүргізеді, сондай-ақ, аса қауіпсіздікті талап ететін вагондармен де маневрлік жұмыстар жүргізеді;

- жолдан жолға, парктен паркке вагондар мен құрамдарды қайта орналастыруды іске асырады;

- Алматы-1 станциясы ТБА-сының (техникалық-басқарушы акті) 3.10 пунктінде, «Подъездік жолдарда қозғалысты ұйымдастыру мен қызмет көрсету тәртібі жөніндегі нұсқаулықта» және «Құрамдарды бекіту тәртібі жөніндегі келіссөздерді жүргізу регламентінде» көрсетілген бекіту нормаларына сәйкес вагондар мен құрамдардың тежегіштік башмақтармен сенімді бекітілуін және тәртіпті қамтамасыз етеді;

– ВУ-45 формасының тежегіштері туралы анықтама берілуінсіз қысқартылған сынамалауды, тармақтарды біріктіруді, арнайы қозғалмалы құрамның, пассажирлік парктің вагондарымен маневрлік жұмысты атқару кезінде және вагондарды беру мен жинастыру кезінде автоматтық тежегіштермен жұмыс жасауды іске асырады;

– қозғалыс қауіпсіздігін, қозғалмалы құрам мен маневрлік жұмыс кезіндегі жүктің сақталуын қамтамасыз ету;

– дұрыстықта ауыспалы маневрлік радиобайланыс, сигналдық бұйымдар бар. Жұмыс уақытында еңбек қорғауын және жеке қауіпсіздік техникасын сақтайды.

Вагондар қозғалысы жылдамдығының жоғары реттеушісінің міндеттері. Ол вагондарды жауаптырақ жерлерде тежеуге қатысады. Оның міндеттеріне кіреді:

– жұмыстарын бақылай отырып, вагондардың қозғалыс жылдамдығын реттеушілер жұмысының аймағында үздіксіз отыру;

– вагондардың қозғалысы жылдамдығын реттеушілердің жұмысын үздіксіз бақылауды қамтамасыз ету және олардың жұмысындағы зақымдарға әкеп соқтыруы мүмкін дұрыс емес тәсілдерді дереу жоюға тырысу;

– төбешіктен түсірілетін вагондардың астында тежегіштік башмақтардың қалып қоймауына көз жеткізу;

– түсірілімді қадағалау; сол немесе басқа сұрыптау жолын толтыруда және ол жолда келесі түсірілімнің мүмкін еместігі жағдайында бұл туралы төбешік кезекшісіне дереу хабар беру;

– анық емес көрініс жағдайында периодты түрде жолдарда өтулердің бары туралы төбешік кезекшісіне хабарлау;

– қажеттілік болған жағдайда вагондардың төбешіктен түсірілімін тоқтатуға шаралардың дереу алдын алу;

– қыста, әсіресе, мұз қатқан күндері міндетті түрде вагондардың қозғалыс жылдамдығын реттеушісінің жұмыс орнына құм немесе ұсақ қоқыс себу;

– вагондардың қозғалыс жылдамдығын реттеушілерді тежегіштік позициялар бойынша немесе көлемі және оларда вагондардың тежелуі бойынша сипатын есепке алғандағы сұрыптау жолдары бойынша бекіту;

– қажетті құралдармен қамтамасыз ету: күректер, сүйменмен, арнайы шанышқылармен, графиттік майлау, құм және т.б.

Вагондар қозғалысы жылдамдығын реттеушісінің міндеттері. Ол оперативті түрде жоғары реттеушіге бағынышты болады. Вагондар мен ағытпалардың тежелуі, сұрыптау жолдарында тұрған вагондардың тежегіштік башмақтармен қоршау операцияларын орындайды. Вагондарды орнықтыруды, тарттыруды жүзеге асырады. Кезекшілікті қабылдайтын вагондар қозғалысы жылдамдығын реттеуші алдыңғы кезекшілікті тапсыратын реттеуші бар кезінде сұрыптау паркінің жолдарын қарап, тексеріп шығуға міндетте:

– сұрыптаушы паркінің жолдарындағы вагондардың орналасуы мен саны;

- вагондар шектік бағаншадан шығып тұрған жоқ па, яғни, жолдарға өтпелер бос немесе бос еместігін анықтау;
  - барлық вагондар бір-бірімен байланысқандығын;
  - вагондардың астында жиналмаған башмақтар жоқтығын;
  - кезекшілікті тапсыратын вагондар қозғалысы жылдамдығын реттеушісінің берген ақпаратына сүйене отырып, жолдарда дұрыс емес тұрған, яғни, өзінің мамандануы бойынша тұрмаған («бөтен») вагондардың жоқтығын;
  - құрылу ауданы жағынан барлық жолдар башмақтармен қоршалған ба;
  - жолдарда техникалық және коммерциялық жөнделмейтін вагондардың жоқтығын;
  - қауіпті жүктер тиелген вагондар күзетші тежегіштік башмақтармен қоршалған ба екендігін.
- Әрбір вагондар қозғалысы жылдамдығын реттеуші міндетті:
- жұмыста қолданылатын тежегіштік башмақтармен, тежегіштік башмақтарды төсеуге арналған арнайы шанышқылармен және басқа да материалдармен ұқыпты түрде жұмыс жасауы қажет;
  - интенсивті ағытпалармен жұмыс кезінде көрші жолдарға қызмет ететін вагондар қозғалысы жылдамдығын реттеушіге қажет болған жағдайда көмек көрсету;
  - вагондардың төбешіктен қауіпсіз түсуін толық қаматамасыз ететін қажетті шаралардың алдын алу. Барлық жағдайларда парктік байланыста дауыс зорайтқышпен төбешік кезекшісі хабарлаған сырғанату мен тежеу кезінде аса қауіпсіздікті талап ететін ағытпалардың жұмысына қатысты тапсырмаларды вагондар қозғалысы жылдамдығын реттеушісі орындауы тиіс;
  - жеке қауіпсіздік шараларын сақтау.

#### **2.4 Алматы-1 сұрыптаушы төбешігінің жұмысы мен вагондардың тұрысы туралы талдауы**

Алматы-1 станциясында қайта өңделмелі транзиттік вагондардың болу уақытының нормасын есептеу.

Алдымен келу және таратылу операциялары бойынша өңделетін транзиттік вагондардың орташа тұрыс уақытын есептеу үшін 3-кестедегі деректерді пайдаланамыз.

3-кесте – Вагондардың келу операцияларында тұрыс уақытының нормасын және құрылу ұзақтығын есептеу

№ п/п	Таратылуға келген поезддың №	Құрамдағы вагондардың саны	Уақыты		Өңдеу мен келу операциясы ұзақтығы	Келу бойынша тұрыстың вагон/сағаты	Таратылудың аяқталу уақыты	Таратылудың ұзақтығы	Таратылудың вагон/сағат уақыты
			келу	келу операциясының аяқталуы					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	3603	37	11-20	13-05	1,75	64,75	13-41	0,60	22,20
2	2707	45	04-05	04-50	0,75	33,75	05-29	0,65	29,25
3	3605	45	17-35	18-30	0,91	40,95	19-09	0,65	29,25
4	3801	43	08-45	10-15	1,50	64,50	10-54	0,65	27,95
5	3404	48	07-05	08-20	1,25	60,00	09-02	0,70	33,60
6	2101	51	15-45	16-50	1,08	55,08	17-35	0,75	38,25
7	2310	51	02-25	03-24	0,98	49,98	04-09	0,75	38,25
8	2102	53	05-15	07-00	1,75	92,75	07-42	0,70	37,10
9	2103	56	08-15	09-10	0,91	50,96	09-58	0,80	44,80
10	2108	50	19-00	20-09	1,15	57,50	20-51	0,70	35,00
		479				570,22			335,65

«Қазақстан Темір Жолы» ҰК АҚ дереккөзі. 2018-жыл бойынша тәуліктік график-жоспары есебі.

Келу операцияларында өңделетін транзиттік вагондардың тұрыс уақыты келесі формуламен есептеледі:

$$t_{\text{тр с/п}}^{\text{келу}} = \Sigma V_{\text{тр с/п}}^{\text{келу}} : \Sigma U_{\text{тр с/п}}^{\text{келу}} \quad (1)$$

мұнда  $\Sigma V_{\text{тр с/п}}^{\text{келу}}$  – келу бойынша операциялардағы тұрыстың вагон/сағаты;  
 $\Sigma U_{\text{тр с/п}}^{\text{келу}}$  – бір тәулікте таратылуға келген поезддардағы транзиттік вагондардың саны.

$$t_{\text{тр с/п}}^{\text{келу}} = 570,22 : 479 = 1,19 \text{ сағат}$$

Құрамның таратылу ұзақтығының орташа уақыты мынадай формуламен анықталады:

$$t_{\text{орт.тарат}}^{\text{келу}} = \Sigma U_{\text{тарат тр.с/п}}^{\text{келу}} : \Sigma U_{\text{тр с/п}}^{\text{келу}} \quad (2)$$

мұнда  $\Sigma U_{\text{тарат тр.с/п}}^{\text{келу}}$  – таратылудың тұрыс вагон-сағаттары;  
 $\Sigma U_{\text{тр с/п}}^{\text{келу}}$  – бір тәулікте таратылуға келген поездардағы транзиттік вагондардың саны.

$$t_{\text{орт.тарат}}^{\text{келу}} = 335,65:479 = 0,7 \text{ сағат}$$

Төмендегі 4-кестеде жинақталғандағы өңделмелі транзиттік вагондардың орташа тұрыс уақытын анықтауға қажетті мәліметтер берілген.

